



Музыка – Ұлттық рухтың тілі

Өз мәдениетін, өнерін, ұлттық кодын сақтау мәселесі бойынша «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» макалада көрсетілгендей, жаңа түрпатты жаңғырудың ең басты шарты. Ұлттық музыка мен ұлттық рухты сақтау тұрғысынан құнды өрі өзекті Ұлттық тәрбиенің өзегі рухани құндылықтың алғашқы нәрі – өнер. Сол арқылы ұлтының салт – дәстүрін, тілі мен музыкасын, өдебиеті мен өнерін құрметтеп, мәнгілік қастерлейтін ұрпақ тәрбиеленеді. Музыка өлемдегі ең таңғажайып өнердің түрі болып табылады.

Әр адамның өмірі музыкамен немесе дыбыстармен байланысты. Музыка салт – дәстүр өдет-ғұрып, қозғалыс үйлесімділігі, қарым-қатынас және ойын-сауық тәрізді әр түрлі қоғамдық мақсаттар үшін пайдаланылады. Музыка тұра мағынасында /музалар өнері/- белгілі биіктікегі дыбыстардан тұратын, адамға сазды әуенімен өсерететін, дыбыстық көркем бейнеге негізделген өнер түрі. Әзінің эмоциялық өсері арқылы музыка адамзат тарихында қоғамдық – идеялық, мәдени – тәрбиелік және эстетикалық қызмет атқарады.

Музыка адам сезімін ойын, оның ерік – күшін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Әлемде музыкасыз ұлт жоқ, ол адамзатқа ортақ тіл. Ең өсерлі сиқырлы сұлу сезде адам сезіміне музыгадай өсер ете алмайды. Шынында музыкасының берер өсерін тілмен, сөзбен айтып жеткізуге болатын болса, онда музыканың қажеті болмас еді. Музыканың құдіретін ұлы Абай «Құлақтан кіріп бойды алар, өсем өн мен тәтті күй, жүрекке түрлі ой салар, өнді сүйсөн мәнше сүй» - дегендей, музыканың сезім мүшелеімізге өсер етіп, бүкіл ағзамызға жағымды өсерін өсем әнмен тәтті күй арқылы әдемі суреттей білген. Ән десе ішкен асын жерге қоятын қазақ халқы музыка өнерін қатты құрметтейді. Тіпті өн-күйсіз қазақты елеуетту

мүмкін емес. Дәл осы сәбелті болар: «Тұганда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денен» деген жолда бекер айтылмаған. Дүниеге нәресте келгеннен бесік жыры айтылса, осыдан жоқтауға дейінгі аралықта ән – жыр тұр. Ақын Қадір Мырзалиев айтқандай: Қазақ, қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деп домбыра аспабын ұлт болмысына теңеген. Ол қазақ халқының өнерді аса бағалағандығының белгісі. Нашар әуен көнілінді құлазытып басынды даңғырлатып құтынды қашырса, жақсы әуен өн-бойынды балқытып жылытады. Сананды тынықтырып бір сәт демалуға мүмкіндік береді.

Осылың құдіреті музыка өнері туралы ұлылардың – пікірлдеріне кезек берсек: Бұл ғылым /яғни музыка /өзінің байсалдылығынан айырылған адамдарды тузеуге, қызба адамды қалпына түсіруге байсалды адамды ылғида бірқалыпты ұстауға әбден жетеді дейді- Әбу Насыр Әл-Фараби.

Ал Аристотель – Музыка арқылы біз өзімізді үлгі өнерге бейімдеп өркендете аламыз... Музыканың моральдық мәні сол, біз оның өсерімен таза нәр ала- мыз, яғни шынайы сүйеміз немесе жиренеміз. Музыканы шын мәнінде біздің жан дүниемізді толқытып, көнілімізді көтеруге құдіреті әбден жетеді деген.

Қазақтың отаншылдық жігеріне толы халық музыкасының ешкімге, ештеңеге ұқсамайтын ерекше тартымдылығы сондай қазақ әнін тыңдағанда күллі дала – көз алдыңынан өткендей болады деп Ромен Роллан дұрыс баға берген.

**Берікбай МЕЙІРБЕКОВ
М.Әуезов атындағы ОНТҮСТИК
Қазақстан университеті,
«Мәдени және
әлеуметтік жұмыс»
кафедрасының аға оқытушы,
ЖКОО білім саласының
үздік педагогы.**

**Гулнур Ауёлбекова
ага оқытушы, магистр.**